

Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің шығындарын өтеудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 ақпандағы № 49 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 36-1-бабының 2-тармағына, 73-бабының 5 және 7-тармақтарына, 77-бабының 4-тармағына және 78-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.02.2024 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) шығындарын өтеу қағидалары;

2) Қызмет бабымен ауысқан және қызметтен шығарылған кезде арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) жеке мүлкін тасымалдау шығындарын өтеу қағидалары;

3) Көлікте жол жүргені үшін әскери, арнаулы оқу орындары курсанттарының, тыңдаушыларының шығындарын өтеу қағидалары;

4) Арнаулы мемлекеттік органның қызметкері орын ауыстырған кезде, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қызметтен шығарылған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа), олармен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 28.02.2020 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.02.2024 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы № 1299 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 74, 1082-құжат);

2) "Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру және мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу қағидалары мен нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазанда № 1299 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 31 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 3, 15-кұжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 11 ақпандағы
№ 49 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) шығындарын өтеу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) шығындарын өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 73-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) (бұдан әрі – қызметкерлер) шығындарын (бұдан әрі – шығындар) өтеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Қызметкерлердің шығындарын өтеу тәртібі

2. Қызметкерлерге шығындар:

- 1) медициналық айғақтар бойынша стационарда емделуге жол жүру және кері қайту ;
- 2) арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы белгілеген тәртіппен берілген жолдама негізінде медициналық қарап-тексеруге (куәландыруға) жол жүру және кері қайту;
- 3) қызметі бойынша ауысу;

4) Заңның 49-бабы 1-тармағының 6), 12-1) және 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа, қызметтен шығарылу кезінде өтеледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.09.2024 № 778 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Қызметкерлерге шығындарды өтеу бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен нормаларға сәйкес жүргізіледі.

Болған оқиға фактісі бойынша осы Қағидалардың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда қызметкерлердің шығындарын өтеуді қызметкерлер штатында немесе қарамағында болатын арнаулы мемлекеттік органның мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) жүзеге асырады.

Қызметкер қызметтен шығарылған жағдайда шығындарды өтеуді:

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарынан шығарылған қызметкерлерге – таңдаған тұрғылықты жері бойынша аумақтық орган;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінен шығарылған қызметкерлерге – шығарылғанға дейін өздері штатта тұрған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі.

Қызметкердің таңдаған тұрғылықты жері оның қызметтен босатылуы туралы бұйрықпен не тұрғылықты жері бойынша тіркелуін растайтын мәліметтермен расталады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 03.03.2026 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Қызметкердің қызмет орнынан немесе тұрғылықты жерінен оқиға өтетін жерге дейін және кері қайту жолы ұсынылған жол жүру құжаттарының негізінде төленуге тиіс.

5. Көлік уақтылы келмеген немесе жөнелтілмеген жағдайда, қызметкер жолаушының өтінішімен тасымалдаушы беретін көліктің кешіккені туралы куәландыратын құжатты көрсетеді.

6. Шығындарды өтетуді жүзеге асыру үшін қызметкерлер оқиға болғаннан кейін отыз жұмыс күні ішінде мекемеге осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген мынадай құжаттар ұсынады:

1) қызметкерлер үшін – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баянат;

2) қызметтен шығарылған қызметкерлер үшін – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

3) қажет болған жағдайда – осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери-дәрігерлік комиссияның (сараптаманың) стационарлық ем қабылдауы не медициналық қарап-тексерілуі (куәландырылуы) туралы стационарлық емделуге не медициналық қарап-тексерілуге (куәландыруға) жіберу үшін медициналық көрсетілімдер көрсетілген анықтамасы;

4) жол жүру құжаттары;

5) қызметтен шығарылған қызметкерлер үшін Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесі, сондай-ақ шығындарды өтеу сомасын аударуға қажетті банктік құжаттардың көшірмесі.

Тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы қолжетімділік болса, аумақтық органдар тұрғылықты жері бойынша тіркелу және жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді өздері алады;

6) қажет болған жағдайда – осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттар.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.02.2024 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 03.03.2026 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкеріне шығындарды өтеген жағдайда қызметтен шығарылған кезде тұрғылықты жері бойынша қызметкер таңдаған аумақтық орган қызметкердің қызмет өткеру орны бойынша мекемеден оның қызметтен шығарылғаны туралы бұйрықтан үзіндіні сұратады.

8. Осы Қағидалардың 6-тармағында белгіленген құжаттар ұсынылғанда шығындарды өтеу:

1) міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларында қаражат болса – ақшалай ризықты бір уақытта төлеп;

2) міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларында қаражат болмаса – міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
аумағы бойынша көлікте
жүргені үшін арнаулы
мемлекеттік органдар
қызметкерлерінің
(курсанттардан,
тыңдаушылардан басқа)
шығындарын өтеу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге

асыратын арнаулы мемлекеттік
органның (мекеменің)
басшысына не уәкілетті
лауазымды адамға)

Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің
05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Шығындарды өтеуге арналған баянат

Сізден _____

(оқиғаның түрі мен оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)

_____ маған жол жүру шығындарын өтеуді сұраймын.

Баянатқа мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
- ... _____

(лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса) қолы

_____ жылғы " _____ " _____ (жылы) (күні) (айы)

Бастық: _____

(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасының
аумағы бойынша көлікте
жүргені үшін арнаулы
мемлекеттік органдар
қызметкерлерінің
(курсанттардан,
тыңдаушылардан басқа)
шығындарын өтеу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Кімге: _____

(шығындарды өтеуді жүзеге
асыратын арнаулы мемлекеттік
органның (мекеменің)
басшысына не уәкілетті
лауазымды адамға)

кімнен: _____,

(өтініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты (құжатта бар болса)

_____ тұрады

тел. _____

Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Шығындарды өтеуге арналған өтініш

Сізден _____ жол

(оқиғаның түрі және оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)

жүргенім үшін шығындарды өтеуді сұраймын.

Тиесілі соманы _____

_____ аударуды сұраймын

_____ банктің № _____ филиалы

Дербес немесе карт-шот _____

Алушының ЖСН _____

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

... _____

_____ жылғы " _____ " _____ Өтініш беруші _____

(күні) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса))

Бастық: _____

(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса))

Қазақстан Республикасының
аумағы бойынша көлікте
жүргені үшін арнаулы
мемлекеттік органдар
қызметкерлерінің
(курсанттардан,
тыңдаушылардан басқа)
шығындарын өтеу қағидаларына
3-қосымша

Анықтама

_____ берілді,

(атағы, тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса))

оған _____

(емдеу мекемесі және оның орналасқан жері көрсетіледі)

(медициналық айғақтары көрсетіледі)

_____ медициналық айғақтары бойынша

_____ жылғы " _____ " _____ жылғы " _____ " _____ аралығында
_____ көрсетілді.

(медициналық қызметтің түрі көрсетіледі)

Анықтама Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен жол жүру шығындарын өтеу үшін берілді.

М.О.

Әскери-дәрігерлік комиссияның (сараптаманың)

төрағасы _____

(қолы) тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 11 ақпандағы
№ 49 қаулысымен
бекітілген

Қызмет бабымен ауысқан және қызметтен шығарылған кезде арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) жеке мүлкін тасымалдау шығындарын өтеу қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.02.2024 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қызмет бабымен ауысқан және қызметтен шығарылған кезде арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) жеке мүлкін тасымалдау шығындарын өтеу қағидалары "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 36-1-бабының 2-тармағына және 73-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді және қызмет бабымен ауысқан және қызметтен шығарылған кезде арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) (бұдан әрі – қызметкерлер) жеке мүлкін тасымалдау шығындарын (бұдан әрі – шығындар) өтеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.02.2024 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Қызметкерлердің шығындарын өтеу тәртібі

2. Қызметкерлер қызмет бабымен ауысқан, сондай-ақ қызметтен шығарылған кезде Заңның 49-бабы 1-тармағының 6), 12-1) және 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа, оларға бұрынғы қызмет орнынан (тұрғылықты жерінен) жаңа

қызмет орнына (тұрғылықты жеріне) жеке мүлкін тасымалдау шығындары автомобиль жолының әрбір жиырма километріне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтеледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.02.2024 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қызметкерлер қызметі бойынша ауысқан кезде шығындарды өтеуді қызметкер қызметін одан әрі өткеру үшін келген арнаулы мемлекеттік органның мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) жүргізеді.

Қызметкер қызметтен шығарылған жағдайда шығындарын өтеуді:

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарынан шығарылған қызметкерлерге – таңдаған тұрғылықты жері бойынша аумақтық орган;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінен шығарылған қызметкерлерге – шығарылғанға дейін өздері штатында тұрған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі.

Қызметкердің таңдаған тұрғылықты жері оның қызметтен босатылуы туралы бұйрықпен не тұрғылықты жері бойынша тіркелуін растайтын мәліметтермен расталады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 03.03.2026 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Шығындары өтеу үшін уәкілетті басшыға ауыстыру не қызметтен босату туралы бұйрық шығарылған сәттен бастап отыз жұмыс күні ішінде:

1) қызметкер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баянат;

2) қызметтен шығарылған қызметкер Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесімен, сондай-ақ шығындарды өтеу сомасын аударуға қажетті банктік құжаттардың көшірмесімен қоса осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы қолжетімділік болса, аумақтық органдар тұрғылықты жері бойынша тіркелу және жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді өздері алады.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жеке мүлікті тасымалдау шығындарын өтеу туралы мүлікті тасымалдау маршруты және оның қашықтығы, төлем мөлшері көрсетілген бұйрықты:

1) қызмет өткеру орны бойынша қызметін одан әрі өткеру үшін келген қызметкерге уәкілетті басшы;

2) қызметтен шығарылған қызметкерге қызметтен шығару туралы бұйрықтан үзінді көшірменің негізінде қызметтен шығарылған қызметкер таңдаған тұрғылықты жері бойынша аумақтық органның уәкілетті басшысы;

3) қызметтен шығарылғанға дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің штатында тұрған, одан шығарылған қызметкерге Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің уәкілетті басшысы шығарады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 03.03.2026 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкеріне шығындарды өтеген жағдайда қызметтен шығарылған кезде тұрғылықты жері бойынша қызметкер таңдаған аумақтық орган қызметкердің қызмет өткеру орны бойынша мекемеден оның қызметтен шығарылғаны туралы бұйрықтан үзіндіні сұратады.

6-1. Бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде автомобиль жолының әр 20 километріне төлем мөлшері мына формула бойынша есептеледі:

$$\frac{L}{20 \text{ км}} \times 1 \text{ АЕК}$$

мұнда: L – кету пунктiнен белгiленген пунктке дейiн километрмен автомобиль жолының ұзындығы;

20 км – тұрақты шама;

1 АЕК – тиiстi қаржы жылына арналып бекiтiлген айлық есептiк көрсеткiш мөлшерi

Кету пунктiнен белгiленген пунктке дейiн километрмен автомобиль жолының ұзындығын 20 километрге бөлу нәтижесi дөңгелектелмей 1 АЕК-ке көбейтiледi.

Алынған сомаға соманы бiр теңгеге дейiн арифметикалық дөңгелектеу әдiсi қолданылады (50 тиынға жетпесе, азайту жағына дөңгелектенедi; 50 тиын және одан жоғары болса, ұлғайту жағына дөңгелектенедi).

Ескерту. Қағидалар 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 03.03.2026 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Шығындарды өтеу:

1) мiндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларында бюджеттiк қаражат болған кезде – ақшалай үлестi бiр уақытта төлей отырып;

2) мiндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларында бюджеттiк қаражат болмаған кезде – мiндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына тиiстi өзгерiстер енгiзiлгеннен кейiн жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Арнаулы мемлекеттік органдар
қызметкерлерінің
(курсанттардан,
тындаушылардан басқа) қызмет
бабымен ауысқан және
қызметтен шығарылған кезде
жеке мүлкін тасымалдау
шығындарын өтеу қағидалары
1-қосымша
Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге
асыратын арнаулы мемлекеттік
органның (мекеменің)
басшысына не уәкілетті
лауазымды адамға)

Шығындарды өтеуге баянат

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.02.2024 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Маған _____
(оқиғаның түрі, тасымалдау маршруты және қашықтығы көрсетіледі)

_____ шығындарын өтеуді сұраймын.

_____ (лауазымы, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

_____ жылғы "___" _____ (жылы) (күні) (айы)

Бастық: _____.

_____ (бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Арнаулы мемлекеттік органдар
қызметкерлерінің
(курсанттардан,
тындаушылардан басқа) қызмет
бабымен ауысқан және
қызметтен шығарылған кезде
жеке мүлкін тасымалдау
шығындарын өтеу қағидалары
2-қосымша
Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге
асыратын арнаулы мемлекеттік

органның (мекеменің)
басшысына не уәкілетті
лауазымды адамға)
кімнен: _____
(өтініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты (құжатта бар болса)
_____ тұрады

Шығындарды өтеуге өтініш

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.02.2024 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Маған _____
(оқиғаның түрі, тасымалдау маршруты және қашықтығы көрсетіледі)
шығындарын өтеуді сұраймын.

Тиесілі соманы _____
_____ банкінің № _____ филиалына аударуды сұраймын.

Дербес немесе карт-шот _____

Алушының ЖСН _____ жылғы " ____ " _____

Өтініш беруші _____
(күні) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Бастық: _____
(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 11 ақпандағы
№ 49 қаулысымен
бекітілген

Көлікте жол жүргені үшін әскери, арнаулы оқу орындары курсанттарының, тыңдаушыларының шығындарын өтеу қағидалары

Ескерту. Қағидалардың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Көлікте жол жүргені үшін әскери, арнаулы оқу орындары курсанттарының, тыңдаушыларының шығындарын өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 77-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және көлікте жол жүргені үшін әскери, арнаулы оқу орындары курсанттарының,

тыңдаушыларының (бұдан әрі – курсанттар, тыңдаушылар) шығындарын (бұдан әрі – шығындар) өтеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Курсанттардың, тыңдаушылардың шығындарын өтеу тәртібі

2. Курсанттарға, тыңдаушыларға:

1) стационарлық емделуге барған кезінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол, әуе, су және автомобиль көлігімен;

2) Заңның 49-бабы 1-тармағының б), 12-1) және 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығарылған, сондай-ақ демалысқа және тағылымдамадан өтуге барған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол, су және автомобиль көлігімен жол жүруге (жөнелту пунктiнен межелi пунктке дейiн және керi) жұмсалған шығындары бюджеттік жоспарлау жөнiндегi орталық уәкiлеттi органмен келiсу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бiрiншi басшылары бекiткен нормаларға сәйкес өтеледi.

Шет мемлекеттің бiлiм беру ұйымдарында оқитын курсанттарға, тыңдаушыларға оқуға жiберу, тағылымдамадан өту, каникулдық демалысқа бару кезiнде (жөнелту пунктiнен межелi пунктке дейiн және керi қайту) әуе, теміржол, су және автомобиль көлігімен жол жүру шығындары өтеледi.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Әскери, арнаулы оқу орындарында және шет мемлекеттің бiлiм беру ұйымдарында бiлiм алып жатқан курсанттарға, тыңдаушыларға шығындарды өтеудi курсанттар, тыңдаушылар штатында немесе қарамағында болатын арнаулы мемлекеттік органның мемлекеттік мекемесi (бұдан әрi – мекеме), ал курсант, тыңдаушы қызметтен шығарылған жағдайда – таңдаған тұрғылықты жерi бойынша арнаулы мемлекеттік органның аумақтық органы (бұдан әрi – аумақтық орган) жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Курсанттардың, тыңдаушылардың жөнелту пунктiнен межелi пунктке дейiн және керi қайту жолының ақысы ұсынылған жол жүру құжаттарының негiзiнде төленуге тиiс

5. Көлік уақтылы келмеген және (немесе) жөнелтілмеген жағдайларда, курсанттар, тыңдаушылар жолаушының өтінішімен тасымалдаушы беретін көліктің кешіккені туралы куәландыратын құжатты ұсынады.

6. Шығындарды өтеуді жүзеге асыру үшін отыз жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген мекемеге немесе аумақтық органға мынадай құжаттар ұсынылады:

1) курсанттар, тыңдаушылар үшін – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баянат;

2) қызметтен шығарылған курсанттар, тыңдаушылар үшін – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

3) жол жүру құжаттары;

4) қызметтен шығарылған курсанттар, тыңдаушылар үшін – Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесі, сондай-ақ шығындарды өтеу сомасын аударуға қажетті банктік құжаттардың көшірмесі.

Тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы қолжетімділік болса, аумақтық органдар тұрғылықты жері бойынша тіркелу және жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді өздері алады;

5) қажет болған жағдайда – осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери-дәрігерлік комиссияның (сараптаманың) стационарлық ем қабылдауы не медициналық қарап-тексерілуі (куәландырылуы) туралы стационарлық емделуге не медициналық қарап-тексерілуге (куәландыруға) жіберу үшін медициналық көрсетілімдер көрсетілген анықтамасы;

6) қажет болған жағдайда – осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжат;

7) құжаттарды өкіл арқылы берген жағдайда нотариат куәландырған сенімхат.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.02.2024 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 03.03.2026 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Ұлттық қауіпсіздік органдарының курсанттары, тыңдаушылары қызметтен шығарылған кезде шығындарды өтеген жағдайда, тұрғылықты жері бойынша курсант, тыңдаушы таңдаған аумақтық орган курсанттың, тыңдаушының қызмет өткеру орны бойынша мекемеден оның қызметтен шығарылғандығы туралы бұйрықтан үзінді сұратады.

8. Шығындарды өтеу Қағидалардың 6-тармағында белгіленген құжаттар ұсынылған кезде:

1) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларында қаражат болған кезде – ақшалай үлесті бір уақытта төлеумен;

2) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларында қаражат болмаған кезде – міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Көлікте жол жүргені үшін
әскери, арнаулы оқу орындары
курсанттарының, тыңдаушыларының
шығындарын өтеу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге
асыратын арнаулы мемлекеттік
органның (мекеменің)
басшысына не уәкілетті
лауазымды адамға)

Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Шығындарды өтеуге арналған баянат

Сізден _____

_____ (оқиғаның түрі мен оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)

_____ маған жол жүру шығындарын өтеуді сұраймын.

Баянатқа мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

_____ (лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса) (қолы)

_____ жылғы " _____ " _____ (жылы) (күні) (айы)

Бастық: _____

_____ (бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Көлікте жол жүргені үшін
әскери, арнаулы оқу орындары
курсанттарының, тыңдаушыларының
шығындарын өтеу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге
асыратын арнаулы мемлекеттік

органның (мекеменің)
басшысына не уәкілетті
лауазымды адамға)
кімнен: _____,
(өтініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты (құжатта бар болса)
_____ тұрады
телефоны _____

Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Шығындарды өтеуге арналған өтініш

Сізден _____
жол (оқиғаның түрі және оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі) жүргенім үшін шығындарды өтеуді сұраймын.

Тиесілі соманы _____
_____ аударуды сұраймын.
_____ банктің № _____ филиалы

Дербес немесе карт-шот _____
Алушының ЖСН _____

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
- ... _____

жылғы "____" _____ Өтініш беруші _____
(күні) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса) қолы)

Бастық: _____
(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса))

Көлікте жол жүргені үшін
әскери, арнаулы оқу орындары
курсанттарының, тыңдаушыларының
шығындарын өтеу қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Ескерту. 3-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Анықтама

берілді, (атағы, тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

оған _____

(емдеу мекемесі және оның орналасқан жері көрсетіледі)

(медициналық айғақтары көрсетіледі)

_____ медициналық айғақтары бойынша

_____ жылғы " _____ " _____ бастап _____ жылғы " _____ " _____

аралығында _____ көрсетілді.

(медициналық қызметтің түрі көрсетіледі)

Анықтама көлікпен жол жүру шығындарын өтеу үшін берілді.

М.О.

Әскери-дәрігерлік комиссияның (сараптаманың)

төрағасы _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2019 жылғы 11 ақпандағы

№ 49 қаулысымен

бекітілген

Арнаулы мемлекеттік органның қызметкері орын ауыстырған кезде, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қызметтен шығарылған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа), олармен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Арнаулы мемлекеттік органның қызметкері орын ауыстырған кезде, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қызметтен шығарылған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа), олармен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 78-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және арнаулы мемлекеттік органның қызметкері орын ауыстырған кезде, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қызметтен шығарылған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жүргені үшін арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің (курсанттардан, тыңдаушылардан басқа) (бұдан әрі – қызметкерлер), олармен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің шығындарын (бұдан әрі – шығындар) өтеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Қызметкерлердің отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу тәртібі

2. Қызметкерлердің отбасы мүшелеріне шығындарды өтеу:

- 1) қызметкер қызмет бойынша ауысқан;
- 2) Заңның 49-бабы 1-тармағының б), 12-1) және 13) тармақшаларында көзделген жағдайлардан басқа қызметкер қызметтен шығарылған кезде жүргізіледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қызметкерлердің отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу болған оқиға фактісі бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен нормаларға сәйкес жүзеге асырылады және қызметкерлер штатында немесе қарамағында болатын арнаулы мемлекеттік органның мекемесі (бұдан әрі – мекеме) жүргізеді.

Қызметкер қызмет бойынша ауысқан кезде оның отбасы мүшелерінің шығындарын өтеуді қызметкер әрі қарай қызмет өткеру үшін келген мекеме жүзеге асырады.

Қызметкер қызметтен шығарылған жағдайда отбасы мүшелерінің шығындарын өтеуді:

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарынан шығарылған болса – таңдаған тұрғылықты жері бойынша аумақтық орган;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінен шығарылған болса – шығарылғанға дейін өзі штатында тұрған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі.

Қызметкердің таңдаған тұрғылықты жері оның қызметтен босатылуы туралы бұйрықпен не тұрғылықты жері бойынша тіркелуін растайтын мәліметтермен расталады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 03.03.2026 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Қызметкердің қызмет орнынан немесе тұратын жерінен оқиғаның өткізілетін жеріне дейінгі және кері қайту жолының ақысы ұсынылған жол жүру құжаттарының негізінде төленуге жатады.

5. Қызметкерлер шығындарды өтетуді жүзеге асыру үшін оқиға болғаннан кейін отыз жұмыс күні ішінде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) қызмет бабымен ауысатын қызметкерлер үшін – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баянат;

2) қызметтен шығарылған қызметкерлер үшін – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

3) жол жүру құжаттары;

4) мекеменің кадр бөлімшесінің қызметкерлердің отбасы құрамы туралы анықтамасы;

5) қызметтен шығарылған қызметкерлер үшін – Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесі, сондай-ақ шығындарды өтеу сомасын аударуға қажетті банктік құжаттардың көшірмесі.

Тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы қолжетімділік болса, аумақтық органдар тұрғылықты жері бойынша тіркелу және жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді өздері алады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.02.2024 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 03.03.2026 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкері қызметтен шығарылған кезде қызметкердің отбасы мүшелерінің шығындарын өтеген жағдайда тұрғылықты жері бойынша аталған тұлға таңдаған аумақтық орган қызметкердің қызмет өткеру орны бойынша мекемеден оның қызметтен шығарылғандығы туралы бұйрықтан үзінді сұратады.

7. Осы Қағидалардың 5-тармағында айқындалған құжаттар ұсынылғанда және таңдаған тұрғылықты жерде тіркелгені расталғанда шығындарды өтеу:

1) міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларында қаражат болса – ақшалай ризықты бір уақытта төлеп;

2) міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларында қаражат болмаса – міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.02.2024 № 138 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 03.03.2026 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Арнаулы мемлекеттік
органның қызметкері орын ауыстырған
кезде, сондай-ақ
арнаулы мемлекеттік органның
қызметкері қызметтен
шығарылған кезде
Қазақстан Республикасының
аумағы бойынша көлікте

жүргені үшін арнаулы
мемлекеттік органдар
қызметкерлерінің
(курсанттардан, тыңдаушылардан
басқа),
олармен үнемі бірге тұратын
отбасы мүшелерінің шығындарын өтеу
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге
асыратын арнаулы мемлекеттік
органның (мекеменің) басшысына не
уәкілетті лауазымды адамға)

Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Шығындарды өтеуге баянат

Сізден _____

_____ (оқиғаның түрі мен оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)

_____ маған отбасы мүшелерімнің жол жүру шығындарын өтеуді сұраймын

Баянатқа мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

_____ (лауазымы, атағы, тегі, аты, (құжатта бар болса) (қолы)

_____ жылғы" _____ " _____ (жылы) (күні) (айы)

Бастық: _____

_____ (бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Арнаулы мемлекеттік
органның қызметкері орын
ауыстырған кезде, сондай-ақ
арнаулы мемлекеттік органның
қызметкері қызметтен
шығарылған кезде
Қазақстан Республикасының
аумағы бойынша көлікте
жүргені үшін арнаулы

мемлекеттік органдар
қызметкерлерінің
(курсанттардан, тыңдаушылардан
басқа),
олармен үнемі бірге тұратын
отбасы мүшелерінің
шығындарын өтеу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(шығындарды өтеуді жүзеге
асыратын арнаулы мемлекеттік
органның (мекеменің)
басшысына не уәкілетті
лауазымды адамға)
кімнен: _____,
(өтініш берушінің тегі, аты,
әкесінің аты (құжатта бар болса)
_____ тұрады
тел. _____

Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2022 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Шығындарды өтеуге өтініш

Сізден _____
үшін (оқиғаның түрі және оның өткізілген жері, көлік түрі көрсетіледі)
маған отбасы мүшелерімнің жол жүру шығындарын өтеуді сұраймын.

Тиесілі соманы _____
_____ аударуды сұраймын

_____ банктің № _____ филиалы

Дербес немесе карт-шот _____

Алушының ЖСН _____

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

1. _____

2. _____

3. _____

_____ жылғы " _____ " _____ Өтініш беруші _____ (жылы)

(күні) (айы) қолы (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

Бастық: _____

(бөлімше, атағы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (құжатта бар болса)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК